


A stylized sun graphic in the background, composed of yellow and light blue curved segments. The sun is partially obscured by the text.

2009 жылғы 1 сәуірдегі қаржы секторының көрсеткіштері

Банк секторының өсу динамикасы




2009 жылғы 1 сәуірдегі екінші деңгейдегі банктердің активтері ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 2 211,4млрд.теңгеге немесе 18,6%-ға өсе отырып, 14 101 млрд. теңге болды.


Меншікті капитал 1,8%-ға немесе 1 912 млрд. теңгеге дейін өсті. Бұл ретте, меншікті капиталдың жеткіліктілік деңгейі Агенттіктің 0,9 пайыздық тармаққа белгілеген нормативінен асып түседі және 12,9% болды.

*Меншікті капитал Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелді

Шетел валютасындағы активтердің және несие портфелінің өзгеру динамикасы




Қазақстан Республикасының екінші деңгейдегі банктерінің заемдарының динамикасы



2009 жылғы 1 сәуірдегі екінші деңгейдегі банктердің несие портфелі ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 1 010,0 млрд.тенгеге немесе 10,9 %-ға өсіп, 10 254,6 млрд. тенге болды.



Сонымен қатар, ағымдағы жылдың басынан бастап, несие портфеліне қалыптастырылған провизиялардың қатынасы 410 базистік тармаққа өсті.

Несие портфелі бойынша қалыптастырылған провизиялар



2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша несие портфелі жөніндегі қалыптастырылған провизиялар ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 535,5 млрд.теңгеге немесе 52,2%-ға өсіп, 1 560,9 млрд. теңгені құрайды.

Банк секторының несие портфелінің сапасы



* біртектес кредиттердің портфелі бойынша нақты түрде қалыптасқан провизиялардың сомасы ғана есептеледі

Кредиттерді жіктеу тәртібі

Кредит санаты	Балы	Провизиялары	Біртекес кредиттер бойынша провизиялар *	Жіктеу өлшемдері
Стандартты	1 балға дейін қоса есептеледі			1. Қаржылық жағдайы (0; +4) 2. Кредит бойынша мерзімін өткізіп алу (-1; +4,5)
1-ші санатты күмәнді	төлемдерді уақтылы әрі толық төлеген жағдайда 1 балдан 2 балға дейін қоса есептеледі	5%	0,01 – 5 %	3. Қамтамасыз ету сапасы (-3; +2) 4. Мерзімін ұзарту (0; +1...)
2-ші санатты күмәнді	төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген жағдайда 1 балдан 2 балға дейін қоса есептеледі	10%	5,01 – 10%	5. Заемшының басқа да міндеттері бойынша мерзімін өткізіп алуы (0;+1) 6. Кредитті мақсатты пайдалану (0;+4)
3-ші санатты күмәнді	төлемдерді уақтылы әрі толық төлеген жағдайда 2 балдан 3 балға дейін қоса есептеледі	20%	10,01 – 20%	7. Басқа кредиторлар алдында есептен шығарылған берешегінің болуы (0;+2)
4-ші санатты күмәнді	төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген жағдайда 2 балдан 3 балға дейін қоса есептеледі	25%	20,01 – 25%	8. Заемшыда рейтингтің болуы (-3;0) <i>Кредиттің санаты анықталған кезде бар салмақ жіктеудің мына өлшемдеріне түседі**:</i>
5-ші санатты күмәнді	3 балдан 4 балға дейін қоса есептеледі	50%	25,01 – 50%	кредиттің мерзімін өткізіп алу – 22%, қаржылық жағдайы – 15%, қамтамасыз ету сапасы – 13%, басқа да өлшемдер – 50%.
Үмітсіз	4 балл және одан жоғары	100%	50,01 – 100%	

* банктің меншікті капиталының 0,02 %-ынан аспайтын кредиттерін жіктеуді әрбір кредит бойынша емес, банктердің ішкі кредиттік саясатына сәйкес олардың өздері дербес қалыптастыратын біртектес кредиттерінің портфелі бойынша жүзеге асыруға жол беріледі.


** үлес салмағын анықтау кезінде әрбір жіктеу өлшемдері бойынша қабылданған мәндердің жалпы санының орташа мәні ескеріледі

Кредиттерді жіктеу тәртібі (жалғасы)

Активтерді, шартты міндеттемелерді жіктеу және провизияларды (резервтерді) құру ережесінің жаңа редакциясын 2007 жылғы 1 сәуірден бастап енгізудің мақсаты активтердің сапасын бақылау кезінде кепілдік қамтамасыз етуден гөрі заемшының қаржылық жағдайына және оның кредитті қамтамасыз етудегі қабілеттілігіне назар аудару болды.

Халықаралық тәжірибе	Қазақстан
<p>Мерзімі өткен берешек болған жағдайда провизиялар заем бойынша негізгі борыш пен оны қамтамасыз ету құны арасындағы айырма сомасына қалыптастырылады.</p>	<p>Әрбір өлшем (қаржылық жағдайы, мерзімі өткен берешектің болуы, қамтамасыз ету сапасы және т.б.) бойынша активтердің жіктелім санаты анықталған кездегі қолданылатын балы меншіктеледі.</p>
<p>Мысалы:</p>	
<p>заем қалдығы – 1000 ш.б. қамтамасыз ету құны – 800 ш.б.</p>	
<p>Мерзімі өткен берешектің болуы.</p>	<p>Қаржылық жағдайы қанағаттанарлық – [+1] балл, 90 күннен асқан мерзімі өткен берешек – [+4,5] балл, қамтамасыз ету сапасы сенімді – [-3] балл. Балдың жиынтығы: 2,5 балл (4-ші санаттағы күмәнді).</p>
<p>Провизиялар 200 ш.б. (20 %) болады.</p>	<p>Провизиялар 250 ш.б. (25 %) болады.</p>

Экономикалық қызмет түрлері бойынша екінші деңгейдегі банктердің заемдары (ҚР резиденттер еместі қоса алғанда)



2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердің несие портфеліндегі кредиттер үлесі 79,6% немесе 8 160,1 млрд. теңге болды. Бұл ретте, негізінен экономикадағы кредиттер үш салада шоғырланған: сауда – 27,1%, құрылыс – 27,6% және өндірістік емес сала – 20,5%.

Екінші деңгейдегі банктерді ипотекалық кредиттеу бойынша жиынтық мәліметтер


млрд. теңге

Көрсеткіштің атауы	1.01.2008	1.01.2009	1.02.2009	1.03.2009	1.04.2009
Барлық заемдар	8 868,3	9 244,5	9 117,0	10 243,7	10 254,6
<i>Жылжымайтын мүлік кепілге қойылған ипотекалық заемдар</i>	3 356,9	3 443,8	3 468,7	3 894,7	3 832,3
Несие портфеліндегі жылжымайтын мүлік кепілге қойылған заемдардың үлесі, %	37,9	37,3	38,0	38,0	37,4
<i>Жеке тұлғаларға тұрғын үй сатып алуға және салуға берілген заемдар</i>	850,6	807,0	804,6	907,0	903,1
Несие портфеліндегі тұрғын үй сатып алуға және салуға жеке тұлғаларға берілген заемдардың үлесі %	9,6	8,7	8,8	8,9	8,8
<i>Жеке тұлғаларға берілген ипотекалық тұрғын үй заемдары</i>	630,1	783,9	780,9	874,7	870,3
Несие портфеліндегі жеке тұлғаларға берілген ипотекалық тұрғын үй заемдарының үлесі, %	7,1	8,5	8,6	8,5	8,5

Қазақстан заңнамасына сәйкес банктік заемдар кредиттеу мақсатына тәуелсіз, егер олар кепіл берушінің немесе үшінші тұлғаның иелігінде қалған жылжымайтын мүлік кепілге қойылып берілсе, онда ипотекалық заемдар болып табылады. 1.04.2009ж. жағдай бойынша жылжымайтын мүлік кепілге қойылған ипотекалық заемдар 3 832,3 млрд. немесе ЕДБ жиынтық несие портфелінің 37,4%-ын құрады.

Жеке тұлғаларға тұрғын үй сатып алуға немесе салуға берілген заемдар 1.04.2009ж. 903,1 млрд.теңге болды, оның ішінде ипотекалық тұрғын үй заемдары –870,3млрд.теңге.


Ипотекалық тұрғын үй заемдарына байланысты тәуекелдерді шектеу бойынша қабылданған шаралар



Екінші деңгейдегі банктерді пруденциалдық реттеу шеңберінде ипотекалық тұрғын үй заемдарын кепіл мүлкінің құнына байланысты саралау көзделді:

- егер берілген ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнының 50 пайызынан аспайтын болса, онда тәуекел дәрежесі 50 %;
- егер берілген ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнының 60 пайызынан аспайтын болса, онда тәуекел дәрежесі 75 %;
- егер берілген ипотекалық тұрғын үй заемы сомасының кепіл құнына қатынасы кепіл құнының 70 пайызынан аспайтын болса, онда тәуекел дәрежесі 100 %;
- басқа ипотекалық тұрғын үй заемдарының тәуекел дәрежесі 150 %.

Ипотекалық тұрғын үй заемдарының сапасы



2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша стандартты займдардың үлесі жылдың басынан бастап 0,8 пайыздық тармаққа өсіп, 31,1%-ды, күмәнділер үлесі 1,2 пайыздық тармаққа азайып, 64,4%-ды, үмітсіздер үлесі 0,4 пайыздық тармаққа ұлғайып, 4,5%-ды құрады.


Сонымен қатар, стандартты займдар мен 1-санатты күмәнділер үлесі жылдың басынан бастап 16,9 пайыздық тармаққа ұлғайып, 2009 жылғы 1 сәуірге 74,7%-ды құрайды.

Бұл ретте, күмәнді займдар ішінен негізінен 4-санат бойынша үлесі ұлғайғанын атап өткен жөн.

Ипотекалық тұрғын үй заемдарының сапасы, %	1.01.2008	1.01.2009	1.02.2009	1.03.2009	1.04.2009
Стандартты	42,2	30,3	29,3	29,3	31,1
1-санатты күмәнді	52,6	27,5	28,1	27,7	43,6
2-санатты күмәнді	1,8	20,1	20,1	19,8	2,8
3-санатты күмәнді	0,7	15,0	14,8	0,6	0,7
4-санатты күмәнді	0,7	1,5	1,9	16,2	15,4
5-санатты күмәнді	0,8	1,5	1,5	1,6	1,9
Үмітсіз	1,2	4,1	4,3	4,8	4,5
Барлығы	100,0	100,0	100,0	100,0	100,0


* 2008 жылғы 1 сәуірден бастап кестеде тек арнайы провизиялардың сомасы ғана көрсетіледі (ортақ провизиялар ескерілмейді)

Тұтынушылық кредит берудің өзгеру динамикасы



2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша жеке тұлғаларға тұтынушылық мақсатындағы заемдарды беру бір жыл ішінде 42 млрд. теңгеге азайып, 885 млрд. теңгені құрады. Бұл ретте, тұтынушылық мақсатындағы заемдардың несиелік портфеліндегі үлесі 1,4 пайыздық тармаққа төмендеді де, 8,6 % болды.


Банк секторы пассивтерінің құрылымы (%)



1 сәуірдегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердің пассивтерінің құрылымында негізгі үлесті клиенттердің салымдары – 38,2%, арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдардың (SPV) салымдары – 19,1% және тартылған заемдар – 12,9% алды.

Сонымен қатар, ағымдағы жыл басынан бастап, клиенттердің салымдарының үлесі 0,3 пайыздық тармаққа кемеді, айналысқа жіберілген бағалы қағаздар – 4,9 пайыздық тармаққа өсті.


Екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының құрылымы*



1 сәуірдегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердің меншікті капиталының құрылымында негізгі үлесті жарғылық капитал – 1 261 млрд.теңге және резервтік капитал – 219 млрд.теңге алып отыр.


* баланс бойынша меншікті капитал

Екінші деңгейдегі банктердің 1 деңгейдегі және 2 деңгейдегі капиталдарының, меншікті капиталдың * өзгеру динамикасы




* меншікті капитал Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес есептелген

ЕКД міндеттемелерінің динамикасы




2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ҚР резидент еместері алдындағы міндеттемелер ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында 549 млрд.теңгеге немесе 11,7%-ға өсті, 5 239 млрд.теңге болды. Бұл ретте, ҚР резиденттері алдындағы міндеттемелер 1 728 млрд.теңгеге немесе 7 475 млрд. теңгеге дейін өсті.

ЕДБ міндеттемелерінің құрылымы



1 сәуірдегі жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердің міндеттемелерінің құрылымында негізгі үлесті клиенттер (42,4%) және арнаулы мақсаттағы еншілес ұйымдар (21,2%), тартылған заемдар (14,3%) алды.


Тартылған салымдардың (депозиттердің) динамикасы



2009 жылғы 1 сәуірдегі клиенттердің салымдары 5 393,1 млрд.тенге болды.

Ағымдағы жылғы бірінші тоқсандағы жеке тұлғалардың салымдары 115 млрд.тенгеге немесе 1 615 млрд.тенгеге дейін өсті, заңды тұлғалардың салымдары 690 млрд.тенгеге немесе 3 778 млрд.тенгеге дейін өсті.

Өтелгенге дейін қалған төлем мерзімдері бойынша резидент еместер алдындағы міндеттемелердің өзгеру динамикасы




2009 жылғы 1 сәуірде резидент еместер алдындағы міндеттемелер ағымдағы жыл басынан бастап 549 млрд.теңгеге немесе 11,7%-ға өсіп, 5 239 млрд.теңге болды.

Резидент еместер алдындағы міндеттемелерде 1 жылдан бастап 5 жылға (44,7%) дейін өтелгенге дейін қалған және 5 жылдан астам (28,2%) төлем мерзімі бар міндеттемелер басым түседі.


Бұл ретте, резидент еместер алдындағы міндеттемелерде 1 жылға дейін өтелгенге дейін қалған төлем мерзімімен ҚР резидент еместер алдындағы міндеттемелердің үлесі 24,6% болады.

Банк секторының сырттан қарыз алуларын шектеу және оны бақылау




* коэффициенттер 1.04.2007 жылдан бастап енгізілді

Екінші деңгейдегі банктердің өтімділігі




2009 жылғы 1 сәуірге дейінгі өтеу мерзімі бойынша банк жүйесінің ГЭП-позициялары




Екінші деңгейдегі банктердің өтімділігі (жалғасы)

2008 жылғы 1 шілдеден бастап 7, 30 және 90 күнге дейінгі мерзімді және валюталық мерзімді өтімділікті реттеуге бағытталған өтімділік бөлігіндегі түзету күшіне енді, олардың жеткіліктілігі кездейсоқ оқиғалар туған жағдайда банктердің өздеріне алған міндеттемелері бойынша жауап беруге дайын болуына, жалпы алғанда өмірге қабілетті жағдайда болуына өз септігін тигізеді.

Көрсеткіштер атауы	1.08.2008	1.09.2008	1.10.2008	1.11.2008	1.12.2008	1.01.2009	1.02.2009	1.03.2009	1.04.2009
Мерзімді өтімділік к4-1 (мін мәні 1)	4,371	4,501	4,721	4,948	4,152	3,135	2,860	4,249	4,990
Мерзімді өтімділік к4-2 (мін мәні 0,9)	3,146	2,713	3,573	3,154	2,049	1,821	2,211	3,095	2,807
Мерзімді өтімділік к4-3 (мін мәні 0,8)	2,004	2,014	2,103	1,609	1,507	1,582	1,579	1,936	2,232



Екінші деңгейдегі банктердің кірістілігі



Өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда ROA және ROE кірістіліктерінің көрсеткіштерінің төмендегені байқалады.


Сонымен, 2009 жылғы 1 сәуірде таза кірістің жиынтық активтерге табыс салығын төлегенге дейін қатынасы (ROA) -2,36% болды, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінен 4,6 пайыздық тармаққа аз.

2009 жылғы 1 сәуірде таза кірістің табыс салығын төлегенге дейін (ROE) меншікті капиталға қатынасы -21,51% болды, бұл өткен жылдың осыған ұқсас кезеңінен 41,1 пайыздық тармаққа аз.


Банк жүйесін ағымдағы әрі болашақта нығайта түсуге және шетел валютасын шамадан тыс қарызға алуға қарсы Агенттік қабылдаған шаралар

2008 жыл	Жоспарланған шаралар
<ul style="list-style-type: none">•еліміздің ішінде орналастыруға жататын банктің тартылған әрі меншікті базасы кеңейді. Атап айтқанда, банктің ішкі міндеттемелерінің базасы банк шығарған мерзімсіз қаржы құралдары мен борыштық бағалы қағаздармен толықтырылды (01.07.08ж. бастап енгізіледі);•7 күнге дейінгі мерзімді және валюталық өтімділіктің жаңа коэффициенттері енгізілді, сондай-ақ 30 және 90 күнге дейінгі мерзімді және мерзімді валюталық өтімділік коэффициенттерін есептеу ыңғайы өзгерді (01.07.08ж. бастап енгізіледі);•бірінші деңгейлі капиталдың есебі нақтыланды, атап айтқанда есепке сатып алынған меншікті жай акцияларды шегергенде жай акциялар бөлігіндегі ақысы төленген жарғылық капитал, сондай-ақ сатып алынған меншікті артықшылықты акцияларды шегергенде жай акциялар бөлігіндегі ақысы төленген жарғылық капитал кіреді;•қатысушысы банк холдингі не бас банк болып табылатын, белгілі бір рейтингке ие банк үшін меншікті капиталдың жеткіліктілік коэффициенттерінің мәні к1- 0,05-тен кем емес және к2- 0,10-нан кем емес деңгейде; ірі қатысушысы жоқ банк – жеке тұлға үшін к1- 0,07-ден кем емес және к2- 0,14-тен кем емес деңгейде белгіленеді. Қалған банктер үшін меншікті капиталдарының жеткіліктілік коэффициенттері бұрынғы деңгейде сақталады. Орналастырылған акцияларының елу пайыздан астамы мемлекетке тиесілі банк үшін меншікті капиталының жеткіліктілік коэффициенттерінің мәні к1-0,06 және к2-0,12 деңгейлерінде болуы тиіс;•Қазақстан Республикасының резидент еместері алдындағы жиынтық міндеттемелерден к9 коэффициентін есептеу кезінде Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес теңгемен шығарылған борыштық бағалы қағаздары алынып тасталынады;•банктердің капиталдандыру коэффициенттерінің нормативтік мәні к9 резидент еместері алдындағы міндеттемелеріне (4-3-тен) (2009 жылғы 1 шілдеден бастап енгізілетін барынша жоғарғы мәні 4-деңгейдің орнына) шектеледі, сондай-ақ к8 және к9 коэффициенттерін есептеу кезінде алынған заемдары бойынша резидент емес бас банктің алдындағы реттелген борыштық міндеттемелер мен резидент емес бас банктің алдындағы Қазақстан Республикасының еншілес банкінің міндеттемелері алынып тасталынады;•0,3-тен кем емес ағымдағы өтімділіктің к4 коэффициенті енгізілді;•бір заемшы тәуекелінің барынша жоғарғы мөлшерін есептеу кезінде дауыс беруші акцияларының жиырма бес және одан да көп пайызын «Самұрық-Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жанама иеленуі нәтижесінде аффилирленген деп есептелетін айырықша қатынаспен банкпен байланысты тұлғалардың аффилирленгендігі алынып тасталынады;•жұмыс істеп тұрған банктер үшін меншікті капиталдың барынша төменгі мөлшері кезең-кезеңімен 2009 жылғы 1 шілдеден бастап – 5 млрд. теңгеге дейін, 2011 жылғы 1 шілдеден бастап – 10 млрд. теңгеге дейін ұлғаяды, сондай-ақ жаңадан құрылған банктер үшін жарғылық және меншікті капиталдардың барынша төменгі мөлшері 5 млрд. теңгеге дейін көбейтілді.	<ul style="list-style-type: none">•халықаралық қадағалау стандарттарын (Базель II) енгізу жұмыстарын жалғастыру;•банктік жүйенің стресс-тесттерін жүзеге асыру;•банктердің қызметін кемінде жылына 1 рет тексеретін мобильді инспекторлық топтарды құру;•исламдық қаржыландыру, активтерді секьюритилендірудің ерекшеліктерін ескере отырып, оларды реттеу базаларын құру;•шоғырландырылған қадағалауды жетілдіру және ұлттық банк секторының айқындылығын қамтамасыз ету;•ЕДБ меншікті капиталы жеткіліктілігінің жаңа коэффициенттерін енгізу;•Активтер мен шартты міндеттемелерді жіктеу және екінші деңгейдегі банктердің оларға қарсы провизияларды құру ережесін жетілдіру.


Сақтандыру секторындағы негізгі көрсеткіштердің динамикасы



Сыйлықақылар



Төлемдер



Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі көрсеткіштерінің динамикасы


(млрд. теңге)

Көрсеткіштері	1.01.08	1.04.08	1.01.09	1.04.09	1.04.08 ж. салыстырғандағы өсім, %	1.01.09 ж. салыстырғандағы өсім, %
Салымшылар шоттарының саны (млн. бірлік)	9,2	9,3	9,6	9,7	4,3	1,0
Зейнетақы жарналары	912,1	971,4	1 184,7	1 252,5	28,9	5,7
Инвестициялық (таза) кіріс	339,3	350,2	307,0	367,2	4,9	19,6
Зейнетақы төлемдері	63,1	71,6	92,1	104,3	45,7	13,2
Жинақталған зейнетақы қаражаты	1 208,1	1 269,3	1 420,5	1 536,4	21,0	8,2
Инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтері	1 211,9	1 270,4	1 412,9	1 530,6	20,48	8,33
Инвестициялық басқарудағы зейнетақы активтерінің ЖІӨ-ге қатынасы, %-бен	9,43	7,97	8,87	9,15	1,18 <i>пайыздық тармақ</i>	0,28 <i>пайыздық тармақ</i>

2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша салымшылардың (алушылардың) міндетті зейнетақы жарналары бойынша жеке зейнетақы шоттарының (бұдан әрі – шот) саны 9 664 142 болды. 2009 жылғы қаңтар-наурыз айлары ішінде салымшылардың (алушылардың) шоты 51 030-ге өсті.


Салымшылардың (алушылардың) жеке зейнетақы шоттарына бөлінген зейнетақы активтерін инвестициялаудан түскен «таза» инвестициялық кірістің (комиссиялық сыйақыларды шегергендегі) сомасы 2009 жылғы қаңтар-наурыз айларында 60,2 млрд. теңгеге көбейді. Салымшылардың (алушылардың) жинақталған зейнетақы қаражаты 2009 жылғы қаңтар-наурыз айларында 115,9 млрд. теңгеге көбейіп, 2009 жылғы 1 сәуірде 1 536,4 млрд. теңге болды.

Жинақтаушы зейнетақы жүйесінің негізгі көрсеткіштері



2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша ЗАИБЖАҰ-ның инвестициялық басқаруындағы зейнетақы активтерінің жиынтық көлемі ағымдағы жылдың басынан 117,8 млрд. теңгеге немесе 8,33%-ға өсіп, 1 530,6 млрд. теңге болды. Зейнетақы активтерінің орташа айлық өсімі 2008 жылғы 1 сәуірден бастап 2009 жылғы 1 сәуірге дейінгі кезеңде 21,7 млрд. теңге болды.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының жиынтық инвестициялық портфелі




Бұрынғыдай жинақтаушы зейнетақы қорлары инвестициялық стратегияларын ҚР мемлекеттік бағалы қағаздарының пайдасына бағытталған. 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша мемлекеттік бағалы қағаздардың үлесі инвестицияланған зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен (436 566 млн. теңге) 29,01%-ды құрады және 2009 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осындай көрсеткішке қатысты 2,67%-ға немесе 11 338 млн. теңгеге өсті. Бұл ретте, Агенттіктің нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес 2009 жылғы 1 сәуірден бастап «кері Репо» операцияларының нысаны болып табылатын Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарын қоса, Қазақстан Республикасының мемлекеттік бағалы қағаздарына зейнетақы активтері есебінен жалпы инвестициялар мөлшері әр бөлек ашылған жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтерінің жалпы көлемінен жиырма пайыздан кем емес болу керек.

Бағалы қағаздар нарығының негізгі көрсеткіштері

	1.01.08	1.04.08	1.07.08	1.10.08	1.01.09	1.04.09
Қолданыстағы акцияларының шығарылымы бар акционерлік қоғамдар саны	2 200	2 208	2 208	2 233	2 240	2 098
Қолданыстағы акциялар шығарылымының саны	2 319	2 208	2 208	2 233	2 240	2 098
Қолданыстағы облигациялар шығарылымының саны	286	300	314	335	347	392
Қолданыстағы облигациялар шығарылымының мөлшері (млрд. теңге)	1 439,2	1 523,5	1 765,5	1 901,7	2 129,2	4 204,2

Мемлекеттік емес бағалы қағаздар бойынша нарықты капиталдандыру



KASE-дегі мемлекеттік емес бағалы қағаздармен жасалған мәмілелердің мөлшері




KASE ресми тізіміне қосылған мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша нарықты жалпы капиталдандырылуы 2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша 2009 жылғы 1 қаңтардағы көрсеткішпен салыстарғанда 7,89%-ға көбейді.

Инвестициялық қорлар

	1.01.08	1.04.08	1.07.08	1.10.08	1.01.09	1.04.09
Инвестициялық пай қорларының саны, оның ішінде	183	186	187	219	205	186
ашық	19	19	19	25	23	20
жабық	146	147	148	165	157	141
аралық	18	20	20	29	25	25
Акционерлік инвестициялық қорлардың саны	40	43	44	50	54	53

Инвестициялық қорлар активтерінің өзгеру динамикасы



2009 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша нарықтағы инвестициялық пай қорларының қолданыстағы бағалы қағаздарының саны 186 болды. Сонымен қоса, нарықта 53 акционерлік инвестициялық қор қызмет етуде. 2009 жылғы 1-тоқсанда инвестициялық пай қорларының активтері 15,6%-ға өсті, сол кезде акционерлік инвестициялық қорлардың активтері 41,9%-ға азайды.

Инвестициялық пай қорларының жиынтық инвестициялық портфелі

